Сіздің қауіпсіздік біз үшін маңызды. Өтінеміз, пісіру панелін пайдаланбас бұрын келтірілген ақпаратты оқып шығыңыз.

Орнату

Электр тоғына ұшырау қаупі

- Аспапқа қатысты қандай да бір жөндеу жұмыстарын немесе техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау алдында аспапты электр желісінен сөндіріңіз.
- Аспапты міндетті түрде жарамды жерге тұйықтау желісіне жалғау керек.
- Ішкі (үй) желі жүйесіне өзгерістерді тек білікті электрші енгізу керек.
- Осы ұсыныстардың сақталмауы электр тоғына ұшырау немесе өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

Пайдалану және қызмет көрсету

Электр тоғына ұшырау қаупі

- Сынған немесе зақымдалған пісіру панелінде ас әзірлемеңіз. Егер панель беті сынса, немесе онда жарықтар пайда болса, дереу аспапты электр желісінен сөндіріп, білікті маманға жүгініңіз.
- Тазарту немесе техникалық қызмет көрсету алдында пісіру панелін желіден

сөндіріңіз.

- Осы ұсыныстардың сақталмауы электр тоғына ұшырау немесе өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

Денсаулық үшін қауіп

- Осы аспап электрлік-магниттік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.



Алайда электрлік кардиоинталандырғыштары бар тұлғаларға осы пісіру панелін пайдалану ұсынылмайды, себебі сатылымда бар барлық электрлік кардиоинталандырғыштардың жоғарыда көрсетілген стандарттарға сәйкес келетіндігіне, және аспаптың тиісінше қолданылуына кедергі келтіретін интерференцияның туындамайтындығына кепілдік беру мүмкін емес. Сонымен қатар, басқа құрылғылар, мысалы, есту аппараттары бар адамдар да пісіру панелін пайдаланған кезде жайсыздық сезінуі мүмкін.

Ыстық беттер қаупі

- Пайдалану кезінде аспаптың қол жетімді бөліктері күйіктер тудыратындай жеткілікті шамада қатты қызады.
- Жарамды ыдыстарды қоспағанда, бет салқындағанға дейін дененің, киімнің, басқа заттардың шынымен жанасуына жол бермеңіз.
- Пышақтар, шанышқылар, қасықтар және қақпақтар сияқты металл заттар пісіру панелінің бетінде орналаспау керек, себебі қызуы мүмкін
- Балаларды аспапқа жақындатпаңыз.
- Ыдыс тұтқалары ұстағанда ыстық болуы мүмкін. Олардың басқа жұмыс жасап тұрған пісіру аймақтары үстінде орналаспайтындығын тексеріңіз. Балалардың пісіру панеліндегі ыдыс тұтқаларына жанасуына жол бермеңіз.
- Осы ұсыныстардың сақталмауы күйіктерге алып келуі мүмкін.

Кесіп жарақаттану қаупі

- Қорғаныс қақпағы жиналған кезде, пісіру панелін тазартуға арналған қырғыш жүзі шығып тұрады. Максималды ұқыптылықпен пайдаланып, әрқашан балалар үшін қолы жетпейтін жерде қауіпсіз түрде сақтаңыз.
- Сақтық қағидаларын елемей жарақаттарға немесе кесіп жарақаттануға алып келуі мүмкін.


Қауіпсіздік бойынша маңызды нұсқаулар

- Ешқашан жұмыс жасап тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Сұйықтықтың қайнап кетуі, майлы өнімдердің аспап бетіне төгілуі түтінденуге себепші болуы мүмкін тұтануға алып келуі мүмкін.
- Ешқашан аспапты жұмысқа немесе бірнәрсе сақтауға арналған бет ретінде пайдаланбаңыз.
- Ешқашан аспапта қандай да бір заттар немесе ыдыстар қалдырмаңыз.
- Ешқашан аспапты орынжай жылытқышы ретінде қалдырмаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін әрқашан, осы нұсқаулықта сипатталғандай, пісіру аймағын және пісіру панелін сөндіріңіз (яғни басқару панелі көмегімен).
- Балаларға аспаппен ойнауға, аспапқа мінуге, оған отыруға немесе тұруға рұқсат етпеңіз.
- Балаларды қызықтыратын заттарды аспап үстіндегі шкафтарда сақтамаңыз. Аспапқа мінген кезде, балалар ауыр жарақаттануы мүмкін.
- Балаларды аспап жұмыс жасап тұрған орынжайда қараусыз қалдырмаңыз.
- Балалардың немесе аспапты пайдалануды қиындататын мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың жанында пайдалану бойынша нұсқамалық жүргізу үшін жауапты тұлға болу керек. Нұсқамалық беруші тұлға олардың аспапты өзі немесе айналасындағылар үшін қауіп төндірусіз пайдалана алатындығына көз жеткізу керек.
- Егер осы нұсқаулықта арнайы ұсыныстар көрсетілмесе, аспапты жөндеу немесе ауыстыру бойынша қандай да бір жұмыстар жүргізуге тыйым салынады. Барлық басқа қызмет көрсету түрлері білікті маманмен орындалу керек.
- Пісіру панелін тазарту үшін булы тазартқышты пайдаланбаңыз.
- Ауыр заттарды пісіру панеліне қоймаңыз және құлатпаңыз.
- Пісіру панеліне тұрмаңыз.
- Жиектері тегіс емес ыдыстарды пайдаланбаңыз және ыдыстарды панель беті бойынша жылжытпаңыз, себебі бұл шыныда сырылудың пайда болуына алып келуі мүмкін.
- Пісіру панелін тазарту үшін металл жөкелер, шөткелер немесе кез келген басқа қатты абразивті тазарту құралдарын пайдаланбаңыз, себебі олар шыныны сыруы мүмкін.
- Егер желілік сым зақымдалған болса, қауіптің туындауына жол бермеу үшін оны аспап өндірушісі, сервис қызметінің өкілі немесе сәйкес біліктілігі бар маман ауыстыру керек.
- Осы аспап тұрмыста және ұқсас жағдайларда, мысалы, дүкендер, кеңселер және басқа мекемелер қызметкерлеріне арналған тамақтану бөлмелерінде; фермерлік үйлерде, қонақүйлер және адамдар уақытша тұратын басқа жерлер тұрғындарына арналған асүйлерде пайдалану үшін арналған.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспап және оның қол жетімді бөліктері пайдалану барысында қатты қызады.
Абай болыңыз, қызған беттерге жанаспаңыз.
Егер тұрақты бақылау астында болмаса, аспапқа 8 жастан кіші балаларды жақындатпаңыз.
- 8 жастағы және одан үлкен жастағы балалар, физикалық, жанасу немесе ой-саналық мүмкіндіктері шектеулі адамдар немесе жеткілікті машықтары және білімдері жоқ адамдар олардың қауіпсіздігі үшін жауапты ересек адамның бақылауы астында болса ғана, немесе олар аспапты қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқамалықтан өткен және аспаппен байланысты қауіптерді түсінген жағдайда ғана, оларға осы аспапты пайдалануға рұқсат етіледі.
- Балалардың аспаппен ойнауына тыйым салынады. Аспапты тазарту және күтім жасау балалармен қараусыз жүзеге асырылмау керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пісіру панелінде тағамды маймен әзірлеудің бақыланбайтын процесі қауіпті болуы мүмкін және тұтануға алып келуі мүмкін. Отты сумен сөндіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, аспапты желіден сөндіріп, алауды, мысалы, қақпақпен немесе тәрелкемен жабу керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Өрттің туындауы қауіпінің алдын алу үшін заттарды пісіру панелінің бетінде сақтамаңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Шыны-керамикалық бетте жарықтар пайда болған жағдайда, ықтимал электр тоғына ұшырау жағдайының алдын алу үшін аспапты желіден сөндіріңіз.
- Булы тазартқышты пайдалануға болмайды.
- Аспап сыртқы таймерді немесе қашықтықтан басқарудың жеке жүйесін қолданумен жұмыс жасау үшін арналмаған.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Ас әзірлеу процесі әрқашан бақылау астында жүзеге асырылуы тиіс. Қысқа мерзімді үрдістер үздіксіз бақылануы тиіс.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспаптың аударылуының алдын алу үшін оны бекіту керек. Орнату бойынша нұсқаулықтарды қараңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспап өндірушісімен әзірленген, немесе өндірушімен пайдалану бойынша нұсқаулықта жарамды ретінде көрсетілген немесе аспапқа кіріктірілген пісіру панелінің қауіпсіздік элементтерін ғана пайдаланыңыз. Сәйкес келмейтін қауіпсіздік элементтерінің қолданылуы жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
Осы аспап тек тағайындалуы бойынша пайдалануға арналған жерге тұйықтау сымымен қамтылған.


2 бөлім. Сипаттама

Жоғарыдан көрінісі



1. Пісіру аймағы 2000 Вт max.
2. Пісіру аймағы 1500 Вт max.
3. Шыны-керамикалық тілімше.
4. Басқару панелі.


Басқару панелі



1. Пісіру аймағын таңдау.
2. Таймер.
3. Қуатты реттеу немесе таймерді баптау.
4. Бұғаттау.
5. Қос./Сөнд.

Индукциялық панельдің жұмыс жасау қағидаты

Индукциялық панельде ас әзірлеу процесі қауіпсіз, озық, тиімді және үнемді процесс болып табылады. Аспаптың жұмыс жасау қағидаты шыны беттерін қыздыру арқылы жанама емес, кәстрөл түбінде жылуды тікелей өндіретін құйынды тоқтар тудыратын электрлік-магниттік тербелістерде негізделеді. Шыны-керамикалық тілімше тек оны кәстрөл қыздыратындықтан ыстық болады.



Аспапты алғаш пайдалану алдында

- «Қауіпсіздік шаралары» бөліміне айрықша назар аударып, осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
- Аспапта қалуы мүмкін қорғаныс қабықшасын алып тастаңыз.

3 бөлім. Пайдалану

Ыдыстар таңдау бойынша кеңестер




• Тек индукциялық пісіру панелімен пайдалану үшін жарамды түбі бар ыдысты пайдаланыңыз. Қаптамада немесе ыдыс түбінде индукция таңбасын іздеңіз.



• Сіз ыдыс жарамдылығын магнитпен тексере аласыз. Ыдыс негізіне магнитті жақындатыңыз. Егер ол тартылса, ыдыс индукциялық панель үшін жарамды.

• Егер сізде магнит болмаса:

1. Тексергіңіз келетін кәстрөлге шамалы су құйыңыз.


2. Егер дисплейде  таңбасы жыпылықтаса, және су қызса, демек ыдыс жарамды.

• Келесі материалдардан жасалған асүй ыдысы жарамсыз: қарапайым тот баспайтын болат, магнитті негізі жоқ алюминий немесе мыс, шыны, ағаш, фарфор, керамика, фаянс және саз.


Жиіктері тегіс емес және түбі иілген ыдыстарды пайдаланбаңыз.



Ыдыс бетінің түбі тегіс екендігіне, шыныға тығыз жанасатындығына, ал түбінің диаметрі пісіру аймағының диаметрімен сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз. Өрқашан ыдысты пісіру аймағының ортасына қойыңыз.



Өрқашан ыдысты пісіру бетінің үстіне көтеріңіз, оны бет бойынша қозғалтпаңыз, ыдыс шыныны сыруы мүмкін.



Ыдыс өлшемдері

Пісіру аймақтары ыдыс диаметріне байланысты автоматты анықталатын әрекет ету аймағына ие. Алайда ыдыс түбінің диаметрі кем дегенде таңдалған пісіру аймағына сәйкес келуі керек. Пісіру панелін барынша тиімді пайдалану үшін


ыдысты пісіру аймағының ортасында орналастырыңыз.

Ыдыс негізінің диаметрі

Пісіру аймағының диаметрі, мм	Ыдыстың минималды диаметрі, мм
180	120

Сенсорлық басқару панелін пайдалану

- «Батырма» термині ретінде шыны-керамикалық панельге жазылған үзілмелі сызықпен белгіленген аймақты түсіну керек.
- «Батырмаға басу» термині ретінде келесі әрекетті түсіну керек: үзілмелі сызықпен белгіленген бетке саусақ жастықшасын басып, бірнеше секунд ұстап тұру.
- Басқару органдары жанасуға жауап қатады, күш түсіру қажеттілігі жоқ.
- Саусақ ұшын емес, оның жастықшасын пайдаланыңыз.
- Сіз басқару жанасуы тіркелген кезде, әркез дыбыстық сигнал естисіз.
- Басқару элементтерінің әрқашан таза, құрғақ екендігіне, және ешқандай заттың (мысалы, ыдыс немесе мата) оларды жауып тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Тіпті судың жұқа қабықшасы басқару элементтерінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.



Ас әзірлеу процесін бастау үшін


- Электр энергиясы берілгеннен кейін бірреттік дыбыстық сигнал беріледі, барлық дисплейлер бір секундқа қосылып, кейін сөнеді, бұл пісіру панелінің күту режимінде екендігін көрсетеді.

1. Басқару панелінде «Қос./Сөнд.» ① батырмасын басыңыз. Барлық дисплейлерде «-» көрсетіледі.



2. Сіз қолданғыңыз келетін пісіру аймағына жарамды ыдысты орналастырыңыз.

Ыдыс түбінің және пісіру аймағы бетінің таза және құрғақ екендігіне көз жеткізіңіз.



3. Пісіру аймағын таңдау батырмасын басыңыз. Қасында орналасқан индикатор жыпылықтай бастайды.




4. «-», «+» батырмалары көмегімен қуат деңгейін орнатыңыз.

• Егер сіз 1 минут ішінде пісіру аймағын таңдамасаңыз, пісіру панелі автоматты түрде сөндіріледі. Әрекетті 1 қадамнан бастауға тура келеді.

• Қуат деңгейін ас әзірлеу процесінде кез келген сәтте өзгертуге болады.

• «-», «+» батырмаларының бірін басулы күйінде ұстап тұрып, қуат мәнін жоғары немесе төмен өзгертуге болады.



Егер қуат деңгейін орнату кезінде пісіру аймағының дисплейі жыпылықтауды жалғастырса немесе индикациясы жыпылықтаса, бұл келесіні білдіреді:



• сіз ыдысты сәйкес пісіру аймағына қоймадыңыз;

• сіз пайдаланып тұрған ыдыс индукциялық ас әзірлеу үшін жарамсыз;

• ыдыс тым кіші немесе ол пісіру аймағында дұрыс орнатылмаған.

Егер пісіру аймағында ыдыс болмаса немесе жарамсыз ыдыс орнатылса, қыздыру орындалмайды.

Егер пісіру аймағына жарамды ыдыс орнатылмаса, дисплей 1 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді.

Ас әзірлеу процесін аяқтағаннан кейін

1. Сіз сөндіргіңіз келетін пісіру аймағын таңдау батырмасын басыңыз.



2. «0» көрсетілгенге дейін «-» басып, пісіру аймағын сөндіріңіз.



Қуат дисплейінде «0» көрсетіліп тұрғандығына,



кейін «Н» көрсетіліп тұрғандығына көз жеткізіңіз.



3. «Қос./Сөнд.» батырмасын басып, пісіру панелін толықтай сөндіріңіз.



4. Ыстық пісіру аймақтарымен абай болыңыз.


Қуат дисплейінде «Н» әрпі көрсетіледі, ол пісіру аймақтарының әлі ыстық екендігін көрсетеді. Пісіру аймағы қауіпсіз температураға дейін салқындаған кезде, осы индикация жоғалады. Сіз осы қалдық жылуды энергия үнемдейтін функция ретінде, мысалы, әлі де ыстық болған кезде пісіру аймағын қолданып, кейін ас әзірлеу үшін ыдысты қыздыру үшін пайдалана аласыз.




Басқару панелін бұғаттау

- Басқару панелін оны рұқсатсыз қолданылуының алдын алу үшін бұғаттауға болады (мысалы, балалардың пісіру аймағын кездейсоқ қоспауы үшін).
- Басқару панелі бұғатталған кезде, «Қос./Сөнд.» қоспағанда, барлық батырмалар жанасуға жауап қатпайды.

Басқару панелін бұғаттау үшін

Басқару панелінде  бұғаттау батырмасын басыңыз. Таймер дисплейінде «Lo» көрсетіледі.

Басқару панелін бұғаттан шығару үшін

- Индукциялық панельдің қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
-  бұғаттау батырмасын басып, біршама уақыт ұстап тұрыңыз.
- Енді сіз индукциялық панельді пайдалана аласыз.



Аспап бұғатталған кезде, «Қос./Сөнд.» қоспағанда, барлық батырмалар басуға жауап қатпайды. Сіз қажет кезде «Қос./Сөнд.» батырмасы көмегімен индукциялық панельді сөндіре аласыз, алайда келесі қосу кезінде ең алдымен бұғаттауды сөндіру керек.

Қатты қызуға қарсы қорғаныс

Кіріктірілген температуралық қадаға пісіру панелі ішіндегі температураны қадағалайды. Тым жоғары температура тіркелген кезде, пісіру панелі автоматты түрде сөндіріледі.

Ұсақ заттардың анықталуы

Егер пісіру панелінде өлшемдері сәйкес келмейтін ыдыс немесе ферромагнитті материалдан (мысалы, алюминий) жасалған ыдыс, немесе қандай да бір басқа ұсақ зат (мысалы, пышақ, шанышқы, кілт) қалдырылса, пісіру панелі бір минуттан кейін күту режиміне ауысады. Индукциялық панель желдеткіші тағы 1 минут

жұмыс жасауды жалғастырады.

Ас әзірлеу процесінде ыдыс алынып тасталған жағдайда, индукциялық пісіру панелі дереу қыздыруды тоқтатады, автоматты сөндіру 2 минуттан кейін орын алады.

Автосөндіру

Осы индукциялық панельдің қауіпсіздік функцияларының бірі автоматты сөндіру болып табылады. Егер сіз пісіру панелін сөндіруді ұмыт қалдырсаңыз, осы жағдай орын алады. Ұйғарым бойынша сөндіруге дейінгі жұмыс ұзақтығы төменде кестеде келтірілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ұйғарым бойынша жұмыс уақыты, сағат	8	8	8	4	4	4	2	2	2

Таймер

Сіз таймерді екі әр түрлі әдіспен пайдалана аласыз:

- Тәуелсіз таймер ретінде пайдалану. Осы жағдайда бекітілген уақыт аяқталғаннан кейін ол пісіру аймағын сөндірмейді.
- Бекітілген уақыт аяқталғаннан кейін бір немесе бірнеше пісіру аймағын сөндіру үшін пайдалану.
- Таймерде 99 минут шектерінде уақытты бекітуге болады.

Тәуелсіз таймер

Егер пісіру аймақтарының ешқайсысы таңдалмаса

1. Пісіру панелінің қосұлы екендігіне көз жеткізіңіз.

Ескертпе: Тіпті егер пісіру аймақтарының ешқайсысы таңдалмаса да, Сіз таймерді пайдалана аласыз.


2. Таймер батырмасын басыңыз, таймер дисплейінде «30» көрсетіледі.



3. «-» немесе «+» батырмалары көмегімен таймер мәнін орнатыңыз.


Кеңес: Мәнді 1 минутқа азайту немесе арттыру үшін «-» немесе «+» батырмасын бір рет басыңыз.

Мәнді 10 минутқа азайту немесе арттыру үшін «-» немесе «+» батырмасын басылған күйде ұстап тұрыңыз.



99 минуттан астам уақытты орнатуға талпынған кезде, 0 минутқа автоматты қайтару орын алады.


4. Таймерді қайтару үшін «-» батырмасын бекітілген мән 0 дейін азайғанға дейін басыңыз, дисплейде «00» көрсетіледі.



5. Бекітілген уақытты орнатқаннан кейін кері есептеу кідірместен басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі, ал таймер индикаторы 5 секунд жыпылықтайды.



6. Бекітілген уақыт аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал 30 секунд жұмыс жасайды, таймер дисплейінде «--» көрсетіледі.



Бір пісіру аймағының жұмыс уақытын орнату


1. Осы функцияны орнатқыңыз келетін пісіру аймағын таңдау батырмасын басыңыз.



2. Таймер батырмасын басыңыз, таймер дисплейінде «30» көрсетіледі.




3. «-» немесе «+» батырмалары көмегімен таймер мәнін орнатыңыз. Кеңес: Мәнді 1 минутқа азайту немесе арттыру үшін «-» немесе «+» батырмасын бір рет басыңыз.



Мәнді 10 минутқа азайту немесе арттыру үшін «-» немесе «+» батырмасын басылған күйде ұстап тұрыңыз.

99 минуттан астам уақытты орнатуға талпынған кезде, 0 минутқа автоматты қайтару орын алады.

4. Таймерді қайтару үшін «-» батырмасын бекітілген мән 0 дейін азайғанға дейін басыңыз, дисплейде «00» көрсетіледі.



5. Бекітілген уақытты орнатқаннан кейін кері есептеу кідірместен басталады. Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі, ал таймер индикаторы 5 секунд жыпылықтайды.



Ескертпе: Пісіру аймағының қуат дисплейі жанындағы қызыл индикатор жанады, осылайша осы пісіру аймағының таңдалғандығын көрсетеді.



2. Бекітілген уақыт аяқталғаннан кейін сәйкес пісіру аймағы автоматты түрде сөндіріледі. Пісіру аймағының дисплейінде «Н» көрсетіледі.




Егер ертеректе қосылған болса, басқа пісіру аймағы жұмыс жасауды жалғастырады.

Бірнеше пісіру аймағының жұмыс жасау уақытын орнату

1. Егер екі қыздыру аймағы үшін қолданылса, таймер дисплейінде ең кіші қалған уақыт көрсетіледі.

Мысалы, егер № 1 аймақ үшін 3 минут уақыты орнатылса,



№ 2 аймақ үшін 6 минут уақыты орнатылса,



таймер дисплейі «3» көрсетеді.



Ескертпе: Қызыл индикатор уақыты таймер дисплейінде көрсетілетін пісіру аймағының қуат дисплейі жанында жанады.

Егер сіз басқа қыздыру аймағы үшін орнатылған уақытты тексергіңіз келсе, осы аймақты таңдау батырмасын басыңыз. Таймер орнатылған уақытты көрсетеді.

2. Бекітілген уақыт аяқталғаннан кейін сәйкес пісіру аймағы автоматты түрде сөнеді. Пісіру аймағының дисплейінде «Н» көрсетіледі.



Ескертпе: Егер сіз кері есептеу басталғанға дейін бекітілген уақытты өзгерткіңіз келсе, 1 қадамнан бастау керек («Бір пісіру аймағының жұмыс жасау уақытын орнату» тармағын қар.).

4 бөлім. Ас әзірлеу бойынша ұсыныстар

Ас әзірлеу бойынша кеңестер

- Қайнау нүктесіне жеткеннен кейін қуат деңгейін азайтыңыз.
- Қақпақтың қолданылуы ас әзірлеу ұзақтығын қысқартады және жылу сақтау арқасында электр энергиясын үнемдейді.
- Ас әзірлеу ұзақтығын қысқарту үшін қолданылатын май мөлшерін барынша азайтыңыз.
- Ас әзірлеу процесін жоғары қуат деңгейінде бастап, кейін өнімдер қызған кезде қуат деңгейін азайтыңыз.

Бұқтыру, күріш пісіру

Бұқтыру судың қайнау температурасынан төмен, шамамен 85°C температурасында, көпіршіктер сұйықтық бетіне сирек жеткен кезде орын алады. Ең дәмді сорпалардың және нәзік бұқтырылған ет құпиясы осында негізделеді, себебі дәм өнімдерді шамадан тыс пісірусіз қалыптасады. Сонымен қатар судың қайнау температурасынан төмен температурада жұмыртқа негізіндегі тағамдарды және қою ұн тұздықтарын әзірлеу ұсынылады.

Кейбір міндеттер, мысалы, абсорбция әдісімен күрішті әзірлеу, ұсынылған уақыт ішінде астың әзірленуіне кепілдік беру үшін, минималды мәннен жоғары қуатты орнатуды талап етуі мүмкін.

Стейкті мөрлеу (қуыру)

Дәмі қанық шүйгін стейк әзірлеу үшін:

Ас әзірлеу процесін бастау алдында етті бөлме температурасында шамамен 20 минут ұстаңыз.

Түбі қалың табаны қыздырыңыз.

Стейктің екі жағын да өсімдік майымен майлаңыз. Өсімдік майының бірнеше тамшысын тікелей ыстық табаға шашыратыңыз, кейін етті қыздырылған таба бетіне салыңыз.

Ас әзірлеу процесінде стейкті тек бір рет аударыңыз. Нақты ас әзірлеу ұзақтығы стейк қалыңдығынан және қалаулы қуыру дәрежесінен тәуелді. Ұзақтық әр жаққа шаққанда 2 минуттан 8 минутқа дейін өзгеріп отыруы мүмкін. Қуыру дәрежесін анықтау үшін стейкке басыңыз: ол қаншалықты тығыз болса, ол соншалықты қатты қуырылған.

Үстелге асты ұсыну алдында, астың нәзіктеу болуы үшін стейкті жылы тәрелкеге «демалуға» қалдырыңыз.

Майда қуыру (шығыс асүй тағамы)

Түбі жалпақ WOK керамикалық табасын немесе үлкен табаны таңдаңыз.

Барлық ингредиенттерді және қажетті асүй құралдарын дайындаңыз. Қуыру жылдам жүргізілу керек. Егер Сіз азық-түлік өнімдерінің көп мөлшерін әзірлеуді жоспарласаңыз, онда оларды бірнеше шағын топтамалармен әзірлеу ұсынылады.

Табаны қысқа уақыт қыздырып, екі ас қасық өсімдік майын қосыңыз.

Алдымен кез келген етті әзірлеңіз, оны бөлек қойып, жылы күйінде сақтаңыз.

Көкөністерді қуырыңыз. Олар әлі ыстық және қытырлақ болған кезде, қуаттың төменірек деңгейін орнатыңыз, етті қайтадан табаға салып, тұздық қосыңыз.

Толықтай қуырылғандығына көз жеткізу үшін ингредиенттерді абайлап араластырыңыз.

Бірден үстелге ұсыныңыз.

5 бөлім. Аспапқа күтім жасау

Не?	Қалай?	Маңызды!
<p>Шыны-керамикалық беттің қарапайым ластануы (саусақ баспатаңбалары, өнімдер немесе төгілген тәтті емес сұйықтық белгілері және іздері).</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пісіру панелін электр желісінен сөндіріңіз. 2. Ол әлі жылы болғанда (бірақ ыстық емес!) шыныға шыны-керамикалық панельдерге арналған жуу құралын жағыңыз. 3. Таза мата немесе қағаз орамал көмегімен шайып, құрғата сүртіңіз. 4. Пісіру панелін қайтадан электр желісіне қосыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Аспапты желіден сөндіргеннен кейін басқару панелінде қалдық жылу индикаторы көрсетілмейді, осы кезде пісіру аймағы ыстық болып қалуы мүмкін. Аса сақ болыңыз! • Металл жөкелер, нейлон ысқыштар және қатты абразивті тазарту құралдары шыныны сыруы мүмкін. Өрқашан сіздің жуу құралының немесе жөкенің жарамды екендігін тексеру үшін заттаңбаны оқыңыз. • Ешқашан шыны-керамикалық бетте жуу құралын қалдырмаңыз: шыныда дақтар түзілуі мүмкін.
<p>Сұйықтықтың төгілуі, ерітілген өнімдер және ыстық төгілген тәтті сұйықтық.</p>	<p>Оларды кідірместен шыны-керамикалық панель үшін жарамды мастихин немесе қырғыш көмегімен кетіріңіз, бірақ пісіру аймағының беті әлі ыстық екендігін есте сақтаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пісіру панелін электр желісінен сөндіріңіз. 2. Құрал жүзін бетке 30° бұрышпен ұстап, дақтарды немесе сұйықтықты салқын бетке қарай қырыңыз. 3. Ыдыс жууға арналған мата немесе қағаз орамал көмегімен дақтарды және төгілген сұйықтықты тазартыңыз. 4. Жоғарыдағы «Шыны-керамикалық беттің қарапайым ластануы» бөлімінің 2-4 қадамдарын орындаңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ерітілген өнімдерден, тәтті тағамнан немесе төгілген сұйықтықтан түзілген дақтарды барынша жылдам кетіріңіз. Егер оларды шыныда қалдырып, салқындауға мүмкіндік берсек, онда оларды кетіру қиынға түседі, себебі олар шыны-керамикалық беттің қайтарымсыз зақымдануына алып келуі мүмкін. • Кесіп жарақаттану қаупі: қырғыштың ұстара сияқты өткір жүзі бар; қорғаныс қақпағы алынған кезде, айрықша сақтықпен пайдаланыңыз және әрқашан балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
<p>Басқару панеліне сұйықтықтың төгілуі.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пісіру панелін электр желісінен сөндіріңіз. 2. Төгілген тағам қалдықтарын суландырыңыз. 3. Таза дымқыл матамен немесе ысқышпен сүртіңіз. 4. Қағаз орамал көмегімен бетті құрғата сүртіңіз. 5. Пісіру панелін қайтадан электр желісіне қосыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Пісіру панелі дыбыстық сигналдар беріп, өздігінен сөнуі мүмкін, сенсорлық басқару панелінде сұйықтық болған кезде, ол жұмыс жасамауы мүмкін. Аспапты қайта қосу алдында басқару панелінің құрғата сүртілгендігіне көз жеткізіңіз.

6 бөлім. Ақаулықтарды жою бойынша кеңестер

Мәселе	Ықтимал себептер	Жою әдісі
Пісіру панелі қосылмайды.	Желіде электр қуаты жоқ.	Пісіру панелінің электр желісіне жалғанғандығына және сақтандырғыштың қосулы екендігіне көз жеткізіңіз. Сіздің үйде немесе сіздің ауданда электр энергиясын жеткізуде істен шығулардың жоқ болғандығын тексеріңіз. Егер Сіз барлығын тексерсеңіз, бірақ мәселе жойылмаса, сервис қызметінің маманымен хабарласыңыз.
Сенсорлық батырмалар жанасуға жауап қатпайды.	Басқару панелі бұғатталған.	Басқару панелін бұғаттан шығарыңыз. «Басқару панелін бұғаттау» бөлімін қар.
Сенсорлық батырмалар жанасуға нашар жауап қатады.	Бөлкім, басқару панелінде су қабықшасы түзілген шығар, немесе аспапты басқару үшін сіз батырмаларға саусақ жастықшалары орнына, саусақ ұшымен басуға тырысып жатқан шығарсыз.	Басқару панелінің құрғақ және таза екендігіне көз жеткізіңіз, және аспапты басқару үшін аспап жастықшасын пайдаланыңыз.
Шыныда сырылулар пайда болады.	Қатты түбі бар ыдыс қолданылады. Жарамсыз абразивті тазарту немесе жуу құралы қолданылады.	Тегіс бірдей түбі бар ыдыстарды пайдаланыңыз. «Жарамды ыдыстар таңдау» бөлімін қар. «Күтім және тазарту» бөлімін қар.
Кейбір ыдыстар жарылу немесе тарсылдау дыбыстарын шығарады.	Мұның себебі ыдыстар құрылымы болуы мүмкін (әр түрлі қабаттардан жасалған қабаттар әр түрлі дірілдеуі мүмкін).	Бұл ыдыс үшін қалыпты құбылыс және аспаппен байланысты ақаулықты білдірмейді.
Индукциялық пісіру панелі жоғары қуат деңгейлерінде жұмыс жасаған кезде төмен ызынды дыбыстар шығарады.	Бұл дыбыс индукциялық ас әзірлеу технологиясының ерекшелігі болып табылады.	Бұл қалыпты құбылыс. Қуат деңгейі төмендеген кезде дыбыс бәсеңдейді немесе толықтай жойылады.
Пісіру панелінен желдеткіш шуы естіледі.	Индукциялық пісіру панелінде электрониканы қатты қызудан қорғайтын салқындатқыш желдеткіш кіріктірілген. Ол тіпті панельдің пісіру аймақтары сөндірілгеннен кейін жұмыс жасауды жалғастыруы мүмкін.	Бұл қалыпты құбылыс. Ешқандай әрекеттер қажет емес. Желдеткіш жұмыс жасаған кезде пісіру панелін желіден сөндірмеңіз.

Мәселе	Ықтимал себептер	Жою әдісі
Ыдыс қызбайды және дисплейде көрсетілмейді.	Индукциялық пісіру панелі ыдысты анықтай алмайды, себебі индукциялық ас әзірлеу үшін жарамсыз.	Индукциялық ас әзірлеу үшін жарамды ыдысты пайдаланыңыз. 3 бөлім. Пайдалану, «Ыдыстар таңдау бойынша кеңестер» қар.
	Индукциялық пісіру панелі ыдысты анықтай алмайды, себебі ол пісіру аймағы үшін тым кіші немесе тиісті жолмен орнатылмаған.	Ыдысты пісіру аймағының ортасына орналастырып. ыдыс негізінің диаметрінің пісіру аймағының өлшемдеріне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
Индукциялық пісіру панелі немесе пісіру аймағы кенет сөнді, дыбыстық сигнал шығарылды, және қателік коды көрсетілді (әдетте таймер дисплейінде бір немесе екі сан кезектесетін).	Техникалық ақаулық.	Өтінеміз, қателік кодын есте сақтаңыз немесе жазып алыңыз, пісіру панелін желіден сөндіріп, білікті маманға жүгінізіңіз.

Қателік кодтары

Ақаулықтар туындаған жағдайда индукциялық пісіру панелі автоматты түрде қорғаныс режиміне ауысады, және дисплейде сәйкес қателік кодтары көрсетіледі (төмендегі кестені қар.).

Ақаулық	Ықтимал себептер	Ұсыныстар
F3/F4	Индукциялық шарғының температура қадағасының істен шығуы	Өтінеміз, жеткізушіге жүгінізіңіз
F9/FA	Оқшауланған бекітпесі бар биполярлық транзистордың температура қадағасының істен шығуы	Өтінеміз, жеткізушіге жүгінізіңіз
E1/E2	Дұрыс емес қоректену кернеуі	Өтінеміз, қоректену көзінің жарамдылығын тексеріңіз. Қоректену көзінің жарамды екендігіне көз жеткізгеннен кейін қоректенуді қосыңыз.
E3	Индукциялық шарғының температура қадағасының қатты қызуы	Өтінеміз, жеткізушіге жүгінізіңіз
E5	Оқшауланған бекітпесі бар биполярлық транзистордың температура қадағасының қатты қызуы	Өтінеміз, плита салқындағаннан кейін қайта іске қосыңыз

Жоғарыда жалпы істен шығулар себептері көрсетілген.

Өтінеміз, индукциялық пісіру панелінің қауіптерінің және зақымдануының алдын алу үшін аспапты өздігінен бөлшектемеңіз.

7 бөлім. Техникалық сипаттамалар

Үлгі нөмірі	P EI523 B	P EI526 B
Пісіру аймақтарының саны	2	
Электр желісінің сипаттамалары	220-240 В~/50 Гц	
Тұтынылатын қуат	3300-3600 Вт	
Аспап өлшемдері Ұ×Е×Б (мм)	288×520×62	
Кіріктіруге арналған ойық өлшемдері А×В (мм)	268×500	

Аспаптың салмағы және өлшемдері жуық шамалар болып табылады. Біз біздің аспаптардың сапасын жоғарылату үшін тұрақты әрекеттенетіндіктен, олардың сыртқы сипаттамалары және сыртқы көрінісі алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

8 бөлім. Жинақтамалылық


Р/б №	Құрамдас бөліктер атауы	Саны, дана
1	Тұрмыстық электрлік пісіру панелі	1
2	Пайдалану бойынша нұсқаулық	1
3	Кепілдікті міндеттемелер	1
4	Қаптама	1
5	Тығыздағыш материал	1
6	Ұстатқыш	2
7	Қапсырма	4
8	Бұрама	4

9 бөлім. Орнату

Орнату үшін жабдықтарды таңдау

Келтірілген суреттегі өлшемдерге сәйкес үстел тақтайында ойықтарды кесіңіз. Дұрыс орнату және қолайлы пайдалану үшін саңылау айналасында 50 мм тең кеңістік қорын қалдыру ұсынылады.

Үстел тақтайының қалыңдығының кем дегенде 30 мм болатындығына көз жеткізіңіз. Пісіру панелінен бөлінетін жылу әсерінен туындайтын елеулі деформациялардың алдын алу үшін ыстыққа төзімді материалдан жасалған үстел тақтайын таңдаңыз. Төмендегі суретті қар.




A, мм	B, мм	C, мм	D, мм	E, мм	F, мм
268	500	50	50	50	50

Кез келген жағдайда аспаптың жеткілікті желдетілуінің қамтамасыз етілгендігіне, ал желдету саңылауларының бұғатталмағандығына көз жеткізіңіз. Аспаптың жұмыс үшін жағымды кеңістікте орнатылғандығына көз жеткізіңіз. Кейінгі суреттерді қар.



Ескертпе: Панель және пісіру панелі үстіндегі жиһаз заты арасындағы қауіпсіз қашықтық кем дегенде 760 мм болу керек.



A, мм	B, мм	C, мм	D	E
760	50 min	20 min	Ауа жинағыш	Ауа шығаруға арналған саңылау 5 мм

Пісіру панелін орнату алдында келесілерге көз жеткізіңіз:

- жұмыс беті жалпақ және тегіс екендігіне, және ешқандай қоршаған заттар кеңістікке қойылатын талаптарды бұзбайтындығына;
- жұмыс беті термотөзімді материалдан жасалғандығына;
- егер пісіру панелі тұмшاپеш астында орнатылғандығына, тұмшاپеште кіріктірілген салқындату желдеткішінің бар екендігіне;
- орнатудың күтім бойынша барлық талаптарға және қолданылатын стандарттарға және ережелерге сәйкес келетіндігіне;
- электр желісінен толық сөндірілуді қамтамасыз ететін жарамды ажыратқыштың бар екендігіне; оның тұрақты сымдар жүйесіне кіріктірілгендігіне, жергілікті ережелерге және электрлік сымдар желісінің ережелеріне сәйкес келетіндей құрастырылғандығына және орнатылғандығына.

Оқшаулағыш ажыратқыш мақұлданған типті болу керек және барлық полюстарда (немесе барлық активті [фазалық] өткізгіштерде, егер сымдар желісінің жергілікті ережелері осы талаптардың өзгертілуіне мүмкіндік берсе) 3 мм ауа аралығымен түйіспенің бөлінуін қамтамасыз ету керек.

(Егер аспапты орнатқаннан кейін розетке жеңіл қол жетімді болса, оқшаулағыш ажыратқышта қажеттілік жоқ);

- пісіру панелін орнатқаннан кейін оқшаулағыш ажыратқыштың пайдаланушыға жеңіл қол жетімділікте болатындығына;
- егер сізде орнатуға сәйкес күмәндар болса, Сіздің жергілікті құрылыс органдарымен және заңасты актілермен кеңесетініңізге;

- Сіздің пісіру бетін қоршайтын қабырғалар беті ыстыққа төзімді және жеңіл тазартылатын жабындарды қолданатыныңызға.


Пісіру панелін орнатқаннан кейін келесілерге көз жеткізіңіз:

- желілік сымның шкаф немесе жәшіктер есіктері арқылы өткізілмегендігіне;
- пісіру панелінің негізіне шкаф шектерінен тыс жеткілікті ауа ағынының бар екендігіне;
- егер пісіру панелі суырмалы жәшіктер немесе шкаф үстінде орналасса, онда пісіру панелінің негізінен төмен жылу-қорғаныстық бұғаттың орнатылғандығына;
- оқшаулағыш ажыратқыштың пайдаланушыға жеңіл қол жетімдікте екендігіне.

Бекіністік қапсырмаларды орнату

Аспапты орнықты, тегіс бетке орналастыру керек (қаптамалық материалды пайдаланыңыз). Аспап бетінің үстінде шығып тұратын элементтерге күш түсірумен баспаңыз.


Бұрамалар көмегімен пісіру панелінің төменгі бөлігіндегі төрт қапсырманы бекітіңіз (төмендегі суретте көрсетілгендей) Осыдан кейін аспапты үстел тақтайының ойығына орнатыңыз.



A	B	C	D
бұрама	қапсырма	бұрамаға арналған саңылау	төменгі бөлік

Аспапты орнату

Қажет кезде пісіру панелін бөлшектеу қарапайымдылығы үшін аспапты орнату алдында бекіткіш қапсырмалар орналасатын жерлерде радиусы 3 мм немесе жүзі 3×45° болатын үстел тақтайының жиектерін мұқалту ұсынылады.



Сақтық шаралары

6. Аспапты орнатуды сервис қызметінің білікті маманы немесе аналогты біліктілігі бар маман жүргізу керек. Біздің сервис қызметінде кәсіпқойлар жұмыс жасайды. Ешқашан аспапты өздігінен орнатуға тырыспаңыз.
7. Пісіру панелін тікелей тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдықтар, ыдыс жуу, кір жуу және кептіру машиналары үстінде орнатуға тыйым салынады, себебі ылғалдық аспаптың электрлік компоненттерін зақымдауы мүмкін.
8. Шыны-керамикалық пісіру панелі оның сенімділігін жоғарылату үшін жылулық сәулеленудің барынша тиімді берілісі қамтамасыз етілетіндей орнатылу керек.
9. Қыздырылатын үстел тақтайының беті үстіндегі қабырға және аймақ жоғары температураға ұшырамау керек.
10. Зақымданулардың алдын алу үшін үстел қабатының көп қабатты құрылымы және желім қызуға төзімді болу керек.

Пісіру панелін электр желісіне жалғау



Пісіру панелі қоректену көзіне тік білікті маманмен жалғану керек.

Пісіру панелін электр желісіне жалғау алдында келесілерге көз жеткізіңіз:

1. ішкі электрлік сым желісінің пісіру панелі тұтынатын қоректену үшін жарамды екендігіне;
2. кернеудің аспап нәлінде көрсетілген мәнге сәйкес келетіндігіне;
3. желілік сым қимасының аспап нәлінде көрсетілген жүктемеге төзе алуы мүмкін екендігіне.


Пісіру панелін қоректену көзіне жалғау үшін адаптерлер, жалғастырғыштар немесе тармақтайтын құрылғылар пайдаланбаңыз, себебі олар қатты қызуды және тұтануды тудыруы мүмкін.

Желілік сым ыстық беттермен жанаспау керек және кез келген сәтте оның температурасы 75°C аспайтындай орналасу керек.


Үй электрлік сымдар желісінің өзгерістер енгізусіз аспап жалғау үшін

жарамдылығының мәселесі бойынша электршімен кеңесіңіз. Кез келген өзгерістер тек білікті маманмен жүргізілу керек.

Электрлік желіні жалғау сәйкес стандарттарға және ережелерге сәйкес немесе бір полюсті ажыратқыш көмегімен жүзеге асырылу керек. Қосылыс сұлбасы кейін көрсетілген.



3×4 мм² желілік сымын пайдаланған кезде L1-L2 және N1-N2 түйіспелері арасындағы желілік қалыптағы екі ұстатқышты (жинақта орналасады) орнату керек (төмендегі суретті қар.).



6. Егер желілік шоғырсым зақымдалса немесе ауыстыруды қажет етсе, жазатайым жағдайлардың алдын алу үшін оны ауыстыруды сервис қызметінің маманы осы үшін арналған құралдар көмегімен жүргізу керек.
7. Егер аспап тікелей электр желісіне қосылса, түйіспелер арасындағы минималды қашықтық 3 мм болатын ажыратқышты орнату керек.
8. Электр монтері электр желісіне дұрыс жалғануға кепілдік беру керек, ол қауіпсіздік талаптарына сәйкес келу керек.
9. Шоғырсым бүгілмеу керек немесе қысылмау керек.
10. Шоғырсымды тұрақты тексеру керек, ал оны ауыстыруды тек білікті маман жүргізу керек.



КӨДЕГЕ ЖАРАТУ: Осы аспапты тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз. Осы аспап үшін дұрыс екіншілік өңдеу үшін сұрыптау қажет

Осы аспап 2002/96/ЕС «Электрлік және электронды бұйымдарды кәдеге жарату» (WEEE) Еуропалық Директивасына сәйкес таңбаланған. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін осы аспаптың тиісті жолмен кәдеге жаратылғандығын тексеріңіз. Осымен Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Өнімде және қаптамада осы таңбаның болуы келесіні куәландырады: осы өнім тұрмыстық қалдық ретінде санала алмайды және тұрмыстық қалдық сияқты кәдеге жаратыла алмайды. Осының орнына оны кейін өңдеу үшін екіншілік шикізатты (электрлік және электронды жабдықтар) қабылдау орнына тапсыру керек.

Осы аспап арнайы кәдеге жаратуды талап етеді. Аспапты өңдеу бойынша толық ақпарат алу үшін жергілікті муниципалитетке, жақын екіншілік шикізатты қабылдау бекетіне немесе Сіз осы аспапты сатып алған дүкенге жүгініңіз.

